



**Үздіктерге құрмет
көрсетілді**



...8-бет

**ИСКУССТВЕННЫЙ
ИНТЕЛЛЕКТ И КАРЬЕРА:
в ЗКУ прошёл форум работодателей
и ассоциации выпускников**



...4 стр.

КУШАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ В ЗКУ: ДИАЛОГ ЭПОХ И НАУЧНЫХ ИДЕЙ

В ЗКУ им. М. Утемисова прошли традиционные Кушаевские чтения - значимое научное мероприятие, объединяющее преподавателей, исследователей, студентов и всех, кто интересуется вопросами отечественной истории и археологии. Чтения посвящены памяти выдающегося ученого, археолога и исследователя Гаяза Абдулвалиевича Кушаева, чьи труды внесли весомый вклад в изучение историко-культурного наследия Казахстана.



В ходе мероприятия участники обсудили научное наследие Г. А. Кушаева, его роль в становлении и развитии археологической науки, а также актуальные проблемы современной исторической науки. Особое внимание было уделено вопросам изучения средневековой городской культуры бассейна реки Урал, которая занимает важное место в исследованиях ученого.

С докладами выступили преподаватели, молодые ученые и студенты. Тематика выступлений охватывала широкий круг научных направлений. Были представлены исследования, посвященные Алакульской впадине в научных трудах Г. А. Кушаева, вопросам изучения городка Жайык как важного историко-археологического объекта, а также деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии как ключевого научного института региона.

Отдельный блок докладов был посвящен современным вызовам исторической науки. Участники обсудили проблему искажения исторической правды в эпоху стремительного развития искусственного интеллекта, а также влияние глобальных процессов, таких как урбанизация, на состояние археологических памятников.

Особую обеспокоенность вызвала проблема так называемых «чёрных копателей», наносящих серьезный ущерб культурному наследию.

Важное место в программе чтений заняли вопросы методики преподавания истории. Докладчики подчеркнули значимость практико-ориентированного подхода в обучении, способствующего формированию исследовательских компетенций у учащихся и развитию их критического мышления.

Также в рамках мероприятия рассматривалась роль древнего исторического центра казахской степи - Сарайшыка, который является уникальным памятником средневековой истории и важным объектом археологических исследований.

Кушаевские чтения традиционно служат площадкой для научного диалога, обмена опытом и идеями, способствуют развитию исследовательской культуры и укреплению интереса к изучению истории родного края. Проведение подобных мероприятий подчеркивает преемственность научных традиций и важность сохранения исторического наследия для будущих поколений.

Студенты ЗКУ приняли участие в показательном судебном процессе

В Западно-Казахстанском университете имени М. Утемисова в рамках реализации концепции «Закон и порядок» был организован показательный онлайн-судебный процесс с участием студентов. Образовательное мероприятие позволило обучающимся погрузиться в реальные аспекты юридической практики и углубить знания в области правоприменения.



В центре рассмотрения оказалось уголовное дело, квалифицированное по статье 287, части 1 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Сюжет дела основан на бытовой ситуации: предмет, приобретенный несколько лет назад и длительное время находившийся у подсудимого, стал причиной привлечения к ответственности при попытке его проноса в зону аэропорта. Данный пример

наглядно продемонстрировал, что даже на первый взгляд незначительные действия могут повлечь серьезные правовые последствия.

В ходе процесса старший прокурор Авиацонной транспортной прокуратуры города Астаны Сериков Еркебулан подробно разъяснил студентам особенности правовой квалификации рассматриваемого деяния. Особое внимание было уделено вопросам соблюдения законодательства в сфере транспортной безопасности, а также ответственности за незаконное хранение и ношение запрещенных предметов.

По итогам судебного разбирательства подсудимому было назначено наказание в виде 40 часов общественных работ с возложением обязательных платежей в размере 5 месячных расчётных показателей.

Проведение подобных мероприятий способствует формированию у студентов правовой культуры, развитию профессионального мышления и осознанного отношения к требованиям закона. Практико-ориентированный формат обучения позволяет будущим специалистам глубже понять механизмы функционирования судебной системы и повысить уровень юридической грамотности.

БҚУ-да Tomorrow School кампусы ашылды

М. Өтемісов ат. БҚУ Қазақстандағы алғашқы peer-to-peer жасанды интеллект мектебі - Tomorrow School кампусы өз жұмысын бастады. Tomorrow School - бұл қатысушылардың тәжірибелік жұмыс, жобалық қызмет және өзара оқытуына негізделген заманауи білім беру моделі. Оқу толықтай практикаға бағытталған: студенттер нақты тапсырмалармен жұмыс істейді, бағдарламалау және жасанды интеллект дағдыларын дамытады, сондай-ақ цифрлық экономикада сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастырады.



Оқу бағдарламалаудың негіздерінен бастап жасанды интеллект пен заманауи IT бағыттарын терең меңгеруге дейін толық циклді қамтып, жобалық жұмыс, командалық өзара әрекет және өзара бағалау (peer audit) арқылы жүзеге асырылады. Кампус тәулік бойы жұмыс істейді, бұл қатысушыларға оқу кестесін өз бетінше жоспарлауға және оны жұмыс немесе оқумен ұштастыруға мүмкіндік береді. БҚУ-да кампустың ашылуы өңірлік IT-экожүйені дамытуға, білікті мамандар даярлауға және жастардың цифрлық технологиялар сал

«САЛАМАТТЫ УНИВЕРСИТЕТТЕР» жобасы таныстырылды

Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бөлім басшысы және №3 қалалық емхананың қызметкерлері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұжымына «Саламатты университеттер» жобасын таныстырып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



Кездесу барысында университет қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар беріліп, жоба аясындағы негізгі бағыттар кеңінен түсіндірілді. Іс-шараға Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің, Жастар ісі жөніндегі комитеттің қызметкерлері, факультеттердің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарлары, сондай-ақ университеттің медициналық бөлімшесінің дәрігерлері мен мейіргерлері қатысты.

БҚО Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ресми парақшасынан алынды.

БҚУ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДА

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ректоры Қытай Халық Республикасының Елшілігі делегациясымен ғылым және білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Делегация құрамында Қытай Халық Республикасының Ақтөбедегі Бас консулдығы өкілдері - Бас консул Го Юй және консул Чжан Шэнп болды.

Кездесу барысында тараптар академиялық және ғылыми ынтымақтастықты дамыту перспективаларын, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын кеңейту мәселелерін, сондай-ақ бірлескен білім беру және ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру мүмкіндіктерін талқылады. Сонымен қатар Қытай университеттерімен серіктестік байланыстарды нығайтуға және студенттер мен оқытушылар алмасуына жаңа мүмкіндіктер қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Кездесу халықаралық академиялық ынтымақтастықты нығайтудағы маңызды қадам болып, студенттер, оқытушылар және зерттеушілер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.



ФИЗИКА- МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІНДЕ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Физика-математика факультетінде Батыс Қазақстан облысының қала және ауыл мектептерінің 9–11-сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиада форматындағы ашық есік күні жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты - оқушыларға кәсіптік бағдар беру, олардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына бағыт-бағдар көрсету, сондай-ақ университеттің білім беру бағдарламаларымен жан-жақты таныстыру болды.

Аталған шараға облыстың әртүрлі мектептерінен келген оқушылар белсенді қатысып, өз білімдерін сынға салды. Әр мектептен математика, физика және информатика пәндері бойынша үш оқушыға дейін қатысу мүмкіндігі қарастырылып, қатысушылармен бірге жетекші мұғалімдердің келуі қамтамасыз етілді. Олимпиада бір кезеңнен тұрды. Қатысушылар өз таңдаған пәндері бойынша теориялық және практикалық тапсырмаларды орындады. Барлық тапсырмалар мектеп бағдарламасына сәйкес құрастырылып,

оқушылардың білім деңгейін кешенді бағалауға бағытталды. Олимпиада уақыты 3 сағатты (180 минут) құрады. Осы уақыт аралығында қатысушылар тапсырмаларды жеке орындап, өздерінің білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін толық көрсете білді. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатысушылардың жинаған ұпайларының жалпы нәтижесі негізінде анықталып, арнайы дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталды.

Ашық есік күні аясында ұйымдастырылған пәндік

олимпиада оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың болашақ мамандық таңдаудағы сенімді қадам жасауына ықпал етті. Сонымен қатар мұндай шаралар білім мен ғылымның сабақтастығын нығайтып, дарынды жастарды қолдауға бағытталған маңызды алаң болып табылады.

*Гүлрайхан МАҚСОТ,
Физика-математика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі
декан орынбасары*

Стартап-жобалар байқауы өтті

Махамбет университетінде ғылым мен кәсіпкерлікті ұштастырған Startup DNA Jective стартап-жобалар байқауы өтті. Аталған шара Ғылым күніне орай ұйымдастырылып, екінші жыл қатарынан жас жаңашылдардың басын қосты. Биыл байқауға 20-дан астам команда өтініш беріп, іріктеу кезеңінен тек үздік деп танылған 10 жоба финалға жолдама алды. Финалда қатысушылар өзара бақ сынап, ең үздік стартапты анықтады. Жобалардың ауқымы кең. IT-сервистер мен мобильді қосымшалардан бастап, жасыл экономика және әлеуметтік кәсіпкерлік бағыттарына дейін қамтылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, әрбір жоба зерттеу мен талдауға негізделіп, заманауи ғылыми тәсілдер арқылы әзірленген. Бұл өз кезегінде студенттердің ғылыми ойлау қабілетін дамытып, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді араласуына және кәсіби мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қатысушылар қысқа әрі мазмұнды презентациялар арқылы жобаларының техникалық шешімдерін, бизнес-модельдерін және даму стратегияларын таныстырды. Байқау барысында студенттер өздерінің аналитикалық ойлау қабілетін, креативтілігін және командада жұмыс істеу дағдыларын көрсетті. Ең бастысы – олар теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, нақты мәселелерге инновациялық шешімдер ұсына алды. Қатысушылардың пікірінше, мұндай жобалар болашақ кәсіпкерлер үшін үлкен тәжірибе алаңы. Бұл тек идея ұсыну емес, сонымен қатар инвесторлар мен серіктестер табуға жол ашатын мүмкіндік.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл байқау - тек жарыс емес, студенттер үшін өз идеясын нақты жобаға айналдыруға мүмкіндік беретін маңызды алаң. Байқау қорытындысы бойынша барлық қатысушылар марапатталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Ал үздік жобалар енді БҚУ стартап-инкубаторында менторлық және техникалық қолдауға ие болып, сарапшылар мен инвесторлармен тікелей жұмыс істеу мүмкіндігіне жолдама алды.

*М.Өтемісов атындағы БҚУ
баспасөз қызметі*



ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И КАРЬЕРА: в ЗКУ прошёл форум работодателей и ассоциации выпускников



В Западно-Казахстанском университете имени М. Утемисова состоялся форум работодателей и ассоциации выпускников на тему: «Трудоустройство выпускников в эпоху искусственного интеллекта: инновационные решения и профессиональная трансформация».

Мероприятие объединило представителей государственных органов, работодателей, академического сообщества и выпускников для обсуждения актуальных вопросов занятости молодежи в условиях стремительного развития цифровых технологий.

Основная цель форума - выработать эффективные подходы к адаптации выпускников к современным требованиям рынка труда. В центре внимания - обновление профессиональных компетенций, развитие гибких навыков, а также внедрение инновационных решений, способствующих расширению возможностей трудоустройства

молодых специалистов.

В ходе встречи представители профильных ведомств и организаций представили широкий спектр возможностей для молодежи. Были рассмотрены перспективы государственной службы, вопросы развития системы образования, обеспечения экономической безопасности

в условиях цифровой экономики, а также потенциал статистической отрасли и современные инструменты содействия занятости.

Особое внимание было уделено вопросам межсекторного взаимодействия. В рамках форума состоялась церемония подписания меморандумов о сотрудничестве между университетом и рядом государственных структур, в числе которых: Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Западно-Казахстанской области, Департамент Судебной администрации по Западно-Казахстанской области, Департамент полиции Западно-Казахстанской области, а также Департамент Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области.

Заключённые соглашения направлены на укрепление практико-ориентированной подготовки студентов и создание условий для их дальнейшего профессионального роста. В частности, они предусматривают расширение возможностей прохождения производственной практики, стажировок и последующего трудоустройства выпускников. Форум стал значимой диалоговой площадкой, способствующей укреплению взаимодействия между системой образования, рынком труда и государственным сектором. Участники обсудили ключевые тренды, вызовы и перспективы развития профессиональной среды в условиях цифровизации, подчеркнув необходимость комплексного подхода к подготовке конкурентоспособных кадров.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ АЯСЫНДА ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

«Ашық есік» күніне орай тарих, экономика және құқық факультетінде 10–11 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиада ұйымдастырылды. Білім сайысы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша өткізілді.

Іс-шара салтанатты ашылу рәсімімен басталып, қатысушыларға факультет қызметі мен білім беру бағдарламалары туралы кеңінен таныстырылым жасалды. Одан кейін олимпиада кезеңі жалғасып, оқушылар өз білімдерін сынға салды.

Аудан және қала мектептерінен келген қатысушыларға факультеттегі білім беру бағыттары, заманауи үрдістер, соның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктері жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі интеллектуалдық ойындар ұйымдастырылды.

Шара барысында факультеттің белсенді студенттері өнер көрсетіп, би билеп, ән шырап, қонақтарға көтеріңкі

көңіл күй сыйлады.

Олимпиада қорытындысы бойынша барлық қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Ал ерекше білім деңгейі мен белсенділігімен көзге түскен оқушылар жүлделі орындарға ие болып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Аталған іс-шара оқушылардың білімін шыңдаумен қатар, олардың болашақ мамандық таңдауына бағыт-бағдар беріп, университет өмірімен жақынырақ танысуына мүмкіндік жасады.

Гүлбарам ЖАЛАКЕНОВА,

Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, аға оқытушы, ҚР тарихы кафедрасының магистрі

Ұлттық кітап күніне арналған онкүндік аясында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Кітап сыйла» атты акция ұйымдастырылды. Аталған игі бастама студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының арасында кітап оқуды кеңінен насихаттауға, оқу мәдениетін қалыптастыруға және рухани құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

Кітап - рухани көпір

Шара барысында Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ мен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті арасында кітап алмасу рәсімі өтті. Бұл өз кезегінде екі жоғары оқу орнының білім алушылары мен ұстаздары арасындағы мәдени-рухани байланысты нығайтып, өзара тәжірибе алмасуға және интеллектуалдық серіктестікті дамытуға мүмкіндік берді.



Акция аясында қатысушылар әртүрлі жанрдағы көркем әдебиеттерді, ғылыми еңбектерді және танымдық кітаптарды бір-біріне сыйға тартып, кітаптың қоғамдағы маңыздылығын тағы бір мәрте айқындады. Мұндай бастамалар жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани дамуына оң әсер етеді. Аталған шара - білім мен мәдениетті ұштастыра отырып, жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың, сондай-ақ ұлттың зияткерлік әлеуетін арттырудың жарқын көрінісі. Кітап арқылы қалыптасатын рухани байланыс - қоғамның дамуына негіз болатын маңызды құндылықтардың бірі.

Әсерлі әдеби кеш

ИЯ-31 тобы студенттері «Кітап – рухани қазына» тақырыбында мазмұнды әрі әсерлі әдеби кеш өткізді.

Кештің негізгі мақсаты – жастар арасында кітап оқудың маңызын көрсету, рухани құндылықтарды дәріптеу, насихаттау және әдебиет арқылы ойлау мәдениетін қалыптастыру дамыту болды.

Іс-шара барысында көптілді поэзия оқылып, әлем әдебиетінің жауһар туындысы – The Count of Monte Cristo (авторы – Alexandre Dumas) шығармасына шолу жасалды. Сонымен қатар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы туралы мазмұнды презентация ұсынылды. Зияткерлік ойын ұйымдастырылып, көрермендер белсенді қатысты.

Бұл әдеби кеш ерекше әсерге толы болды. Студенттер тек көрермен ретінде ғана емес, белсенді қатысушы ретінде өз білімдері мен өнерлерін ортаға салды. Әрбір оқылған шығарма, айтылған ой мен ұсынылған пікір көрермен жүрегіне жол тауып, рухани тереңдік сыйлады. Кеш барысында ағылшын тілінде еркін пікірталасу студенттердің тілдік құзіреттілігін арттырып, өз ойын анық әрі сенімді жеткізуге үйретті. Бұл өз кезегінде олардың болашақта бәсекеге қабілетті, жан-жақты маман болып қалыптасуына негіз болары анық.

Шара барысында кітаптың тек білім көзі ғана емес, тұлғалық дамудың, рухани байлықтың негізі екені ерекше айтылды. Әдебиет адамды ойландырып, сезімін тәрбиелейтін, дүниетанымын кеңейтетін құдіретті құрал екені нақты мысалдармен дәлелденді.

Бұл кеш – жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға, ұлттық және әлемдік әдеби мұраға құрметпен қарауға үндейтін маңызды қадам болды. Шараға «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының ИЯ-31 топ студенттері мен кітапханашы маман Садап ханым



қатысып, өз үлесін қосты.

«Кітап-рухани қазына» атты әдеби кеш - студенттердің шығармашылық қабілетін шыңдап, рухани байлығын арттырған, мәні терең тағылымды шара ретінде есте қалды. Кітап - адамзаттың сарқылмас қазынасы екені тағы бір мәрте дәлелденді.

Д.Б. НАВЕКОВА,

Шетел тілдері мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау ббб оқытушысы, магистр

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінде музыка мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Өмірзақова Ләззәт Қайыржанқызының 60 жас мерейтойына арналған салтанатты кеш жоғары деңгейде атап өтілді.



Ұстаздық жол –

ұлағатты өмірдің айнасы

Аталған шара – саналы ғұмырын өнер мен білімге арнаған ұстаздың қажырлы еңбегін дәріптеу, шәкірт тәрбиесіндегі ерен еңбегін насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Кешке университет басшылығы, әріптестері, шәкірттері мен түлектері, сондай-ақ өнерсүйер қауым қатысты.

Салтанатты жиын барысында Ләззәт Қайыржанқызының өмір жолы мен кәсіби жетістіктері кеңінен таныстырылды. Ол 1966 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпақ ауданы Ескіесім ауылында дүниеге келген. Музыкалық білімін Атырау музыкалық училищесінде бастап, кейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында жалғастырып, үздік дипломмен тәмамдаған. Еңбек жолын оқытушылықтан бастап, бүгінгі күнге дейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 30 жылдан астам уақыт табысты қызмет етіп келеді.

Педагогикалық қызметі барысында ол көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің алғыс хатымен, құрмет грамоталарымен марапатталған. Сонымен қатар облыстық мәдениет басқармасының «Үздік мәдениет қызметкері» төсбелгісінің иегері.

Кеш барысында университеттің тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры мен кәсіподақ ұйымының төрағасы, факультет деканы және әріптестері құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесіне ыстық лебіздерін білдірді. Ұстаздың шәкірттері мен түлектері де сахна төріне шығып, өз алғыстарын айтып, гүл шоқтарын тарту етті.

Мерекелік кештің көркін өнер ұжымдары мен шәкірттердің музыкалық тартулары аша түсті. Түлектердің өнері – ұстаз еңбегінің жемісі екенін айқын көрсетті. Әсіресе, әр жылдардағы түлектерден құралған шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуі кешке ерекше әсер сыйлады.

Шара барысында бейнеқұттықтаулар ұсынылып, шәкірттердің жүрекжарды тілектері көрсетілді. Бұл – ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыстың, ұрпақ сабақтастығының жарқын көрінісі болды.

Осындай тағылымды шаралар – ұстаз еңбегін ұлықтаудың, кейінгі ұрпаққа өнеге етудің жарқын үлгісі. Ләззәт Қайыржанқызының өмір жолы мен кәсіби қызметі – бүгінгі жас мамандар үшін үлгі, ал оның шәкірттері – ұстаз еңбегінің айқын нәтижесі.

Гульмира УТЕГЕНОВА,
Музыка мұғалімдерін даярлау БББ аға оқытушысы

«Қылқаламды қалап еді...» еске алу кеші өтті

Сурет өнері – адамзаттың рухани әлемін бейнелейтін, ұлттың болмыс-бітімі мен мәдени құндылықтарын айшықтайтын ерекше өнер саласы. Қылқалам шеберлері арқылы қоғамның тыныс-тіршілігі, тарихи кезеңдер мен ішкі жан дүниенің терең иірімдері көркем тілмен көрініс табады. Әрбір туынды – суретшінің жүрек сүзгісінен өткен ойы мен сезімінің айнасы, ал шынайы өнер уақыт өткен сайын өз құндылығын жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып жалғасады.

Осындай қылқалам шеберлерінің бірі – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқытушысы, КСРО, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі, қазақ бейнелеу өнерінің көрнекті өкілі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Айбар Ғалымұлы Сейтимовтің 65 жылдығына арналған «Қылқаламды қалап еді...» атты еске алу кеші ұйымдастырылып, өнер иесінің өмірі мен шығармашылығын ұлықтауға бағытталды. Тағылымы мол

шара суретші ғұмырының мәні мен оның өнердегі орнына тағзым ету мақсатында өткізілді. Іс-шараға университет басшылығы, профессор-оқытушылар құрамы және зиялы қауым өкілдері қатысып, Айбар Ғалымұлының өмірі мен шығармашылығы туралы біраз жылы естеліктерімен бөлісті. Атап айтқанда, Мәдениет және өнер факультеті деканының орынбасарлары Н.А. Хабадашев пен Р.Ж. Қуаншалиева, М.Өтемісов атындағы ғылыми кітапхананың



Ұстазға құрмет — ұрпаққа өнеге

Физика-математика факультетінде білім мен ғылым саласына саналы ғұмырын арнаған, шәкірт тәрбиесінде өлшеусіз еңбек сіңірген ардақты ұстаз Гүлсім Мақсұтқызының зейнеткерлікке шығуына арналған салтанатты кеш өтті. Бұл тағылымды шара – ұстаз еңбегіне көрсетілген зор құрметтің айқын көрінісі әрі оның көпжылдық қажырлы қызметіне берілген лайықты баға болды. Гүлсім Мақсұтқызы ұстаздық жолында табандылық пен кәсібилікті ту етіп, талай шәкірттің жүрегінен орын алған білікті педагог ретінде танылды. Ол тек білім берумен шектелмей, жас ұрпаққа өмірлік бағыт-бағдар көрсетіп, олардың тұлғалық қалыптасуына зор үлес қосты. Ұстаз тәрбиелеген шәкірттердің әрқайсысы бүгінде түрлі салада табысты еңбек етіп, оның еңбегінің жемісін дәлелдеп келеді.



Кеш барысында ұстаздың өмір жолы мен кәсіби жетістіктерін қамтыған әсерлі бейнеролик ұсынылып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Онда ұстаздың еңбек жолындағы маңызды кезеңдер мен жетістіктері кеңінен көрініс тапты. Салтанатты жиында университет ұжымы Гүлсім Мақсұтқызына шынайы алғыстарын білдіріп, жүрекжарды тілектерін жеткізді. Әріптестері оның адамгершілік болмысын, кәсіби біліктілігін және шәкіртке деген жанашырлығын ерекше атап өтті. Сонымен қатар кеш аясында ұстаздың сыныптастары, түлектері және қазіргі магистрант шәкірттері сөз сөйлеп, оның еңбегіне жоғары баға беріп, шексіз ризашылықтарын білдірді. Олар Гүлсім Мақсұтқызының тек ұстаз ғана емес, өмірлік тәлімгер, ақылшы әрі рухани тірек болғанын ерекше ықыласпен жеткізді.

Бұл кеш – бір адамның еңбек жолын қорытындылау ғана емес, ұстаздық мамандықтың қадір-қасиетін дәріптеген, ұрпақ сабақтастығын айқындаған мәнді шара болды. Ұстазға көрсетілген құрмет – келер ұрпаққа үлгі, өнеге болары сөзсіз.

Гүлрайхан МАҚСОТ,
Физика-математика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

жетекшісі Т.Е. Алимбекерова сөз сөйлеп, суретшінің тұлғалық болмысы мен шығармашылық жолына кеңінен тоқталды. Кеш барысында Айбар Ғалымұлы Сейтимовтің ұзақ жылдар бойы университет қабырғасында еңбек етіп, Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарғаны ерекше атап өтілді. Шара аясында суретшінің замандасы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Сатыбалды Қажмұратұлы Құлбеков өз естелігінде Айбар Ғалымұлымен бірге өткен студенттік шақтың жарқын сәттерін еске алып, оның тек талантты суретші ғана емес, шынайы дос әрі өнерге адал азамат болғанын атап өтті. Сонымен қатар суретшінің шәкірті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің аға оқытушысы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Мәліс Тасқалиұлы Отаров ұстазының тәлім-тәрбиесі мен шығармашылық жолдағы бағыт-бағдарының маңыздылығына тоқталып, оның шәкірттеріне қалдырған рухани мұрасының құндылығын жеткізді.

Тағылымды шара барысында Айбар Ғалымұлы Сейтимовтің есімі мен еңбегі ұлықталып, оның өнегелі өмір жолы жас ұрпаққа үлгі ретінде насихатталды. Өнерге адал ғұмыр кешкен тұлғаның жарқын бейнесі көрермен жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Венера ЖҰМАҒАЛИЕВА, Мәліс ОТАРОВ,
Көркем еңбек және мектептегі дизайн мұғалімдерін, сән және дизайн мамандарын дайындау БББ аға оқытушылары

Жаратылыстану-география факультетінде «Жаратылыстану ғылыми білімнің интеграциясы: теориядан практикаға» тақырыбында әдістемелік айлықтың салтанатты ашылуы өтті.

Шараның ашылу рәсімінде факультет деканы А.А.Тургумбаев мен декан орынбасары Д.Ж.Кишева сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтады. Өз сөздерінде олар әдістемелік айлықтың білім беру сапасын арттырудағы маңызына тоқталып, оқытушылар мен студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарында табыс тіледі. Сонымен қатар пәнаралық интеграцияның өзектілігін атап өтіп, мұндай іс-шаралардың тәжірибе алмасу мен кәсіби дамуға кең мүмкіндік беретінін жеткізді.

Ашылу аясында география, биология және химия бағытындағы оқытушылар мен білім алушылар өз ғылыми жобалары мен тәжірибелік жұмыстарын таныстырды. Өсіресе, химия саласындағы тәжірибелік эксперименттер мен биологиялық зерттеулер көрермендердің қызығушылығын тудырды.

Іс-шараға Құзиреттілік орталығының

Жаратылыстану ғылымдарының интеграциясы: теориядан практикаға



әдіскері Л.Д. Еремекбаева қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Ол қазіргі білім беру жүйесінде пәнаралық ықпалдастықтың маңызы артып келе жатқанын атап өтіп, қатысушыларға шығармашылық табыс пен нәтижелі еңбек тіледі. Шара барысында қатысушылар білім беру үдерісіндегі заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологиялар жөнінде пікір алмасып, өз ұсыныстарын ортаға салды. Бұл алаң оқыту сапасын арттыруға және ғылымдар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған тиімді диалогқа негіз болды.

Әдістемелік айлықтың негізгі мақсаты – жаратылыстану ғылымдары арасындағы ықпалдастықты күшейту, теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру және заманауи оқыту тәжірибесін кеңінен тарату. Алдағы уақытта айлық аясында ашық сабақтар, шеберлік сыныптары, ғылыми семинарлар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру жоспарланған. Бұл іс-шаралар оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға да оң ықпал етеді.

А.Е. МЕНДЫГАЛИЕВА,
Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта БББ аға оқытушысы

Екеуара дәріс (диалогтық дәріс) – бұл оқытушы мен студент (немесе екі оқытушы) арасында сұрақ-жауап, пікір алмасу, талқылау арқылы жүргізілетін оқыту формасы. Мұнда материал біржақты түсіндірілмей, өзара әңгімелесу, ой бөлісу арқылы меңгеріледі.

Бұл әдіс негізінде сабақ диалог түрінде өтеді, студенттердің белсенді қатысуы талап етіледі, сұрақ-жауап, пікірталас элементтері болады, ойлау, талдау, дәлелдеу қабілеттерін дамытады. Сабақтың мақсаты: теориялық білімді терең түсіндіру, студенттердің сыни ойлауын дамыту, белсенді оқу ортасын қалыптастыру. Екеуара дәріс – оқу материалын екі жақты қарым-қатынас негізінде меңгертуге бағытталған әдіс. Бұл жерде оқытушы тек ақпарат беруші емес, бағыттаушы, ұйымдастырушы, ал студент белсенді қатысушы рөлін атқарады. Сабақтың құрылымы бойынша кіріспе бөлімде тақырып таныстырылады. Негізгі бөлімде оқытушы түсіндіреді, бірақ үнемі сұрақтар қойып отырады, студенттер жауап береді, өз пікірін айтады, талқылау, пікір алмасу жүреді. Қорытынды бөлімде негізгі ойлар жинақталады, студенттердің жауаптары талданады, қорытынды жасалады. Бұл әдістің артықшылықтары: студенттердің қызығушылығын арттырады, танымдық белсенділікті күшейтеді, есте сақтауды жақсартады, өз ойын еркін жеткізуге үйретеді. Жалпы екеуара дәріс – қазіргі білім беруде тиімді әдістердің бірі, себебі ол студентті тыңдаудың белсенді ойлаушыға айналдырады.

Алдымен, сабақты өткізетін оқытушылар тақырып бойынша топқа сабақ жоспарын, мақсатын түсіндіріп өтті. Құрлықтың негізгі биом түрлеріне тоқталып, интерактивті экраннан дайындалған сабақ презентациясын демонстрациялады. Сабақ мақсатына сәйкес студенттерге құрлық биомдарының түрлерін, олардың географиялық таралуын, климаттық ерекшеліктерін және биоалуантүрлілігі түсіндірілді. Сабақ екеуара дәріс (диалогтық әдіс) түрінде өткізілді. Алдымен оқытушы биом ұғымына анықтама беріп, негізгі түрлерін атап өтті. Кейін студенттермен бірге әр биомның ерекшеліктері сұрақ-жауап арқылы талқыланды. Сабақта қарастырылған негізгі биомдар: тундра, тайга (қылқанжапырақты орман), аралас және жалпақ жапырақты орман, дала, шөл және шөлейт, саванна, ылғалды экваторлық ормандар болды. Әр биом бойынша климаттық жағдайлар (температура, жауын-шашын), топырақ түрлері, өсімдік және жануарлар дүниесі сипатталды. Карта арқылы олардың

«Құрлықтың негізгі биомдары» тақырыбындағы екеуара дәріс сабағы

Жаратылыстану-география факультетінің «Жаратылыстану ғылыми білімінің интеграциясы: теориядан практикаға» тақырыбындағы әдістемелік айлығы аясында «Биогеография топырақтану негіздерімен» пәнінен «Құрлықтың негізгі биомдары» тақырыбында «Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Н.С. Жармаганбетова мен «7М01510 География» БББ 2-курс магистранты Г.Қ. Байманова ұйымдастырған екеуара дәріс сабағы оздырылды. Сабаққа Гео-21 топтарының 2-курс студенттері, құзиреттілік орталығының әдіскері Л.Д. Еремекбаева, биология, химия, география мұғалімдерін дайындау БББ-ның жетекшісі Р.Ж. Кожағалиева, эксперттік комиссия мүшесі Г.Ж. Абдушева қатысты.



дүниежүзілік таралу аймақтары көрсетілді. Сабақ нәтижесі бойынша студенттер: биом ұғымын толық меңгерді, құрлық биомдарының түрлерін ажырата алды, әр биомның ерекшеліктерін сипаттай білді, географиялық таралуын картадан көрсете алды. Сабақ арасында студенттерге кері байланыс ретінде Word Wall платформасында тақырыпқа сай ойындар ойнатылып, сабақ әсерлі, қызық өтті. Қорытындылай келе, сабақ өз мақсатына жетті. Диалогтық әдіс студенттердің белсенділігін арттырып, материалды терең түсінуге мүмкіндік берді. Құрлық биомдары туралы білімдері қалыптасып, жүйеленді.

Н.С. ЖАРМАГАНБЕТОВА,
«Биология, химия ғылымдары және қоршаған орта» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы

Г.Қ. БАЙМАНОВА,
«7М01510 География» БББ 2-курс магистранты



В рамках методического месяца на тему «Интеграция естественнонаучного образования: от теории к практике» 30 апреля 2026 года на естественно-географическом факультете Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова состоялось открытое лекционное занятие по дисциплине «Индикация состояния окружающей среды». Тема лекционного занятия - «Животные-индикаторы и оценка природных ресурсов» была посвящена изучению важной роли животных в мониторинге состояния экосистем. В современных условиях глобальных экологических изменений, таких как загрязнение водоемов, вырубка лесов, сокращение биоразнообразия и изменение климата, эта тема становится особенно актуальной. Животные-индикаторы - виды, чувствительные к изменениям окружающей среды - позволяют своевременно выявлять признаки экологического неблагополучия, оценивать качество экосистем и разрабатывать меры по охране природы, что имеет стратегическое значение для устойчивого развития Казахстана.

Во время занятия студенты получили возможность изучить, как насекомые, рыбы и другие виды животных реагируют на загрязнение и изменение условий обитания. На лекции использовались современные методики анализа, визуальные материалы и реальные примеры из региональных экопроектов, что позволило студентам понять, как применять теоретические знания на практике. Особое внимание уделялось интерпретации поведения животных-индикаторов для оценки состояния природных ресурсов, а также формированию навыков системного экологического мониторинга.

Студенты активно участвовали в обсуждениях, задавали вопросы и делились личными наблюдениями о состоянии окружающей среды в регионе. Занятие подчеркнуло важность комплексного подхода к изучению экологии и формирования практических навыков у будущих специалистов. Использование животных-индикаторов позволяет не только отслеживать состояние экосистем, но и своевременно реагировать на экологические угрозы,

ЖИВОТНЫЕ-ИНДИКАТОРЫ: НАБЛЮДЕНИЕ ЗА СОСТОЯНИЕМ ПРИРОДЫ



что особенно важно для охраны биоразнообразия и рационального использования природных ресурсов.

Открытое занятие стало ярким примером высокого уровня преподавания на естественно-географическом факультете и показало, как теория экологии тесно связана с практикой и современными методами мониторинга. Студенты получили знания, которые помогут им реализовывать экологические проекты, участвовать в охране природы и оценивать состояние природных

ресурсов на региональном уровне. В условиях глобальных экологических изменений подготовка специалистов, способных использовать животных-индикаторов для оценки состояния окружающей среды, является стратегически важной задачей, а такие занятия формируют у будущих экологов критическое мышление и практические навыки работы с данными о состоянии экосистем.

С.С.БАКИЕВ,
старший преподаватель, доктор PhD

Гүл шоғыры тақырыбы аясындағы дәріс сабағы: теория мен тәжірибе сабақтастығы


Жаратылыстану-география факультетінің Б(ІР)-11, 13 топтары студенттеріне «Өсімдіктер ағзасының құрылысы мен қызметі» пәні бойынша «Гүл шоғыры» тақырыбында кезекті дәріс сабағы өткізілді. Дәрісті пән оқытушысы Кажымуратова Ж.С. жүргізді. Дәріс барысында студенттер гүл шоғырының морфологиялық құрылымы, жіктелуі және биологиялық маңызы туралы кешенді білім алды. Сонымен қатар кеппешөп қорындағы үлгілермен жұмыс жүргізіліп, бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыра түсті. Көрнекі материалдарды қолдану арқылы өсімдіктердің табиғи құрылымдық ерекшеліктерін нақты түсінуге мүмкіндік жасалды.

Сабақта заманауи білім беру технологиялары тиімді пайдаланылды. Атап айтқанда, «Seek» бағдарламасы арқылы өсімдіктерді анықтау жұмыстары ұйымдастырылып, студенттер әрбір өсімдіктің атауын ғана емес, оның биологиялық ерекшеліктері мен экожүйедегі ролін де

тереңірек меңгерді. Сонымен қатар тақырыпты толықтыру мақсатында оқытушының онлайн бейнесабағы ұсынылып, теориялық білім практикалық мазмұнмен ұштастырылды. Аталған дәріс сабағына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің биология ғылымдарының кандидаты,

қауымдастырылған профессор Ө.К. Бисенов қатысып, оқу үдерісіне жоғары баға берді.

Сабақ соңында студенттердің білімін бекіту мақсатында сұрақ-жауап жұмыстары ұйымдастырылып, гүл шоғырының түрлері мен ерекшеліктері нақтыланды. Сонымен қатар квиз-тест арқылы білім деңгейі тексеріліп, студенттердің тақырыпты меңгеру дәрежесі айқындалды. Білім алушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Қорытындылай келе, аталған дәріс сабағы студенттердің теориялық білімін тереңдетумен қатар, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға және табиғатқа деген танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етті.





-Университетте 134-тен астам ғалым еңбек етеді. Олардың қатарында ғылым докторлары, кандидаттар және PhD дәрежесінің иегерлері бар. Соның ішінде 27-сі – отандық ғылымның болашағы саналатын жас зерттеушілер. Қазіргі таңда университетте педагогикадан бастап жаратылыстану ғылымдарына дейінгі түрлі бағыттарды қамтитын 30 ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Жалпы, Ғылым – университет қызметінің ажырамас бөлігі-дейді, М. Өтемісов ат. БҚУ ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісі Мұрат Какишев.

Конференция аясында ғылыми-зерттеу, тарихи-танымдық және педагогикалық тәжірибе алмасу бағыттарында мазмұнды баяндамалар оқылып, өзекті мәселелер талқыланды. Баяндамашылар өз жұмыстарында ғылыми жаңалықтарды, озық әдістер мен теориялық зерттеулерді қатысушылар назарына ұсынды. Ғылым саласындағы жетістіктердің айғағы

Болашақ ғылымнан басталады: БҚУ-дағы халықаралық конференция

Махамбет университетінде Ғылым қызметкерлері күніне орай білім алушылардың 83-ші халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Бір алаңда жас зерттеушілер, ғалымдар мен сарапшылар бас қосты. Маңызды жиынның ашылуына университет ректоры, Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы қатысты. Ол конференция қатысушыларын кәсіби мерекемен құттықтап, ғылымның қоғам дамуындағы стратегиялық рөлін атап өтті. Шара барысында университеттің ғылыми жетістіктері таныстырылып, Орал өңіріндегі археологиялық зерттеулерден бастап, халықаралық деңгейдегі биологиялық және педагогикалық зерттеулерге дейінгі өзекті тақырыптар қамтылды.



ретінде Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында университеттің бірқатар профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері «Ахмет Байтұрсынұлы» және «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен, «Ғылым үздігі» құрмет дипломымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамоталары мен

алғысхаттарының иегері атанды. Сондай-ақ университет ректорының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды. Қатарында жалынды жастар да бар. Жалпы, бүгінгі жастардың ғылыми ізденісі - елдің зияткерлік әлеуетін қалыптастыратын басты күш екені аян. Айта кету керек, шара аясында Start-up WKU байқауының жеңімпаздары да анықталып, инновациялық



жобаларымен ерекшеленген жас таланттар қолдауға ие болды. Бұл конференция - тек ғылыми пікір алмасу алаңы ғана емес, болашаққа бағытталған жаңа идеялар мен бастамалардың бастауы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

М.Өтемісов атындағы БҚУ баспасөз қызметі

ҮЗДІКТЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Махамбет университетінде ғылым айлығының жабылуына арналған салтанатты марапаттау кеші өтті. Ғылым қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылған бұл іс-шаралар легі мазмұнды бағдарламалармен ерекшеленіп, өз мәресіне жетті. Айлық аясында өткен зияткерлік ойындар, ашық дәрістер, тәжірибелік жұмыстар мен ғылыми конференциялар университеттің өңірдегі жетекші ғылыми орталық ретіндегі мәртебесін тағы бір мәрте айқындады. Қорытынды кеш – білім мен ізденіс, идея мен шабыт тоғысқан маңызды сәт ретінде есте қалды. Кеш барысында ғылым мен білім саласында табандылық танытып, кәсіби шеберлігімен ерекшеленген оқытушылар мен қызметкерлер марапатталды.



Бұл марапаттар - ғылым жолындағы қажырлы еңбек пен жоғары кәсібиліктің айқын көрінісі.

Ресми бөлім әсерлі концерттік бағдарламаға ұласып, кештің мазмұнын байыта түсті. Күй мен ән үндескен мәдени көріністер көрермендерге ерекше әсер сыйлап, ғылым мен өнердің үйлесімін көрсетті. Қорытынды кеш жас ғалымдар мен студенттер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды алаңға айналды. Ғылым айлығы өз миссиясын толық орындап, алдағы жетістіктерге негіз қалады.

География секциясында ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Жаратылыстану-география факультетінде география секциясы бойынша студенттер мен магистранттарға арналған 83-ші ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Аталған іс-шара ғылыми апталық аясында өткізіліп, жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін арттыруға, олардың ізденісін қолдауға және тәжірибе алмасуына бағытталды.



Конференция барысында ұсынылған ғылыми жұмыстар өзектілігімен ерекшеленіп, қазіргі заман талаптарына сай маңызды тақырыптарды қамтыды. Қатысушы студенттер мен магистранттар өз баяндамаларын жоғары деңгейде қорғап, зерттеу нәтижелерін жан-жақты әрі нақты жеткізе білді. Сонымен қатар олар әділқазы алқасы тарапынан қойылған сұрақтарға толық әрі мазмұнды жауап беріп, өздерінің білім деңгейі мен ғылыми дайындықтарын көрсетті. Ғылыми ортада өткен бұл конференция білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Шара соңында ұйымдастырушылар тарапынан конференцияға белсенді қатысқан студенттер мен магистранттарға, сондай-ақ әділқазы мүшелеріне зор алғыс білдірілді. Мұндай ғылыми жиындар жас ғалымдардың кәсіби қалыптасуына серпін беретін маңызды алаң екені сөзсіз.

*Камшат УДРЕЕВА,
Жаратылыстану – география факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары*



СТУДЕНТТІК КӨКТЕМ - 2026

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде дәстүрлі «Студенттік көктем – 2026» фестивалі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Университет өміріндегі маңызды мәдени іс-шаралардың бірі саналатын фестиваль талантты, креативті және бастамашыл жастарды бір алаңға біріктірді. Фестиваль аясында студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған 7 номинация бойынша байқаулар өткізіліп, вокал, хореография және сахналық өнердің түрлі бағыттары қамтылды. Биылғы ерекшеліктің бірі - жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы дайындалған бейнежұмыстар номинациясының енгізілуі. Бұл бағыт студенттік шығармашылықта заманауи үрдістермен сабақтастық дамып келе жатқанын көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша Гран-при Тарих, экономика және құқық факультетіне табысталды. I орын Педагогика факультеті иеленсе, II орын Филология факультетіне бұйырды. III орын Физика-математика факультетіне берілді. Ал Жаратылыстану-география факультеті белсенді қатысқаны үшін фестиваль дипломанты атанды. Аталған фестиваль студенттердің шығармашылық қабілеттерін шыңдап қана қоймай, жоғары оқу орны ішіндегі ынтымақтастықты нығайтып, жастардың рухани және зияткерлік дамуына серпін беретін маңызды алаң екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.



Основной целью программы являлось ознакомление магистрантов с методологией проведения научных исследований в области биологии и освоение путей эффективного использования полученных результатов в образовательном процессе. В ходе достижения данной цели магистранты освоили основные принципы биологических исследований, углубленно изучили этапы, методы и подходы научной

Магистранты образовательной программы 7M01505 – Биология Атырауского университета имени Х. Досмухамедова прошли научную стажировку. В рамках программы «Методологические основы и принципы биологических исследований» обучающиеся ознакомились с современными направлениями биологической науки, методологическими основами научного познания и основными принципами организации исследовательской деятельности. Содержание стажировки было направлено на освоение методов исследования, ориентированных на решение фундаментальных и прикладных биологических задач, анализ и систематизацию научной информации, а также применение результатов исследований на практике.

ХОД ПРОХОЖДЕНИЯ НАУЧНОЙ СТАЖИРОВКИ ПО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЕ

деятельности. Кроме того, они ознакомились с современными лабораторными и полевыми методами исследований, сформировали навыки сбора, обработки и анализа научных данных.

В процессе стажировки обучающиеся определяли актуальные научные проблемы, рассматривали эффективные пути их решения, овладевали навыками

работы с научной информацией, интерпретации данных и научного обоснования полученных результатов. Также были рассмотрены возможности внедрения результатов исследований в учебный процесс и их применения в образовательной практике.

В результате прохождения стажировки магистранты углубили понимание

методологических основ биологических исследований, приобрели навыки самостоятельного проведения научных работ, научились эффективно применять современные методы и использовать полученные результаты в образовательной деятельности. По итогам завершения программы магистрантам были выданы сертификаты.



Тағылымдама «Тәуелсіз Қазақстандағы білім және ғылым саласындағы реформалар» тақырыбы аясында жүргізілген зерттеу жұмысының маңызды бөлігі ретінде ұйымдастырылды. Аталған ғылыми ізденістің негізгі мақсаты – 1991 жылдан бергі Батыс Қазақстан өңіріндегі жоғары оқу орындарының даму тарихын зерттеу, тәуелсіздік кезеңіндегі білім беру жүйесіндегі өзгерістерді өңірлік деңгейде зерделеу болды.

Тағылымдама барысында Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінде жүйелі жұмыс жүргізілді. Архив қорларындағы құжаттармен танысу, оларды іріктеу, салыстыру және ғылыми тұрғыдан талдау жұмыстары жүзеге асырылды. Қорлардан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жоғары білім беру жүйесіне қатысты, соның ішінде жоғары оқу орындарының ашылуы, қайта құрылуы, оқу үдерісінің ұйымдастырылуы, кадр даярлау ісі мен білім беру саласындағы мемлекеттік шешімдерге байланысты маңызды құжаттар қарастырылды. Архивтік материалдар зерттеу жұмысының деректік негізін күшейтіп, ғылыми тұжырымдарды нақты құжаттық мәліметтермен толықтыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар тағылымдама аясында Жұбан Молдағалиев атындағы кітапханада қосымша зерттеу жұмыстары жүргізіліп, өңірдегі жоғары оқу орындарының тарихына қатысты құнды

ҚАЗҰУ МАГИСТРАНТЫНЫҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ

Бүгінде жоғары білім мен ғылым саласындағы сапалы зерттеу - жас ғалымның кәсіби қалыптасуындағы маңызды баспалдақтардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «7M01602 - Тарих және география» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты ретінде Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде өткен ғылыми тағылымдама мен үшін мазмұнды әрі нәтижелі кезең болды.

мәліметтер алынды. Кітапханамен танысу, мамандармен пікір алмасу және білім беру жүйесінің аймақтық ерекшеліктеріне қатысты деректерді жинақтау зерттеу жұмысының мазмұнын тереңдете түсті.

Ал Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тағылымдаманың негізгі ғылыми алаңы ретінде зерттеу жұмысының сапалы әрі нәтижелі өтуіне

Тәуелсіз Қазақстандағы білім және ғылым саласындағы реформаларды зерттеу – отандық тарих ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде бастау алған ғылыми ізденістің Батыс Қазақстан өңіріндегі архивтік және университеттік материалдармен толықтырылуы



зор ықпал етті. Университеттің ғылыми-интеллектуалдық ортасы, ізденушілерге көрсетілген кәсіби қолдау, өңірлік ғылыми мекемелермен байланысы және зерттеу жүргізуге қолайлы мүмкіндіктері тағылымдаманың мазмұнын байыта түсті. Бұл – жас зерттеуші үшін тек материал жинақтау кезеңі ғана емес, сонымен қатар кәсіби көзқарасты қалыптастырып, ғылыми ізденіс аясын кеңейткен тағылымды тәжірибе болды.

зерттеу жұмысының мазмұнын жаңа деңгейге көтерді. Бұл тағылымдама ҚазҰУ-дың ғылыми ордасы мен Батыс Қазақстандағы академиялық ортаның өзара сабақтастығын көрсетіп, жас зерттеушінің болашақ ғылыми жұмысына берік негіз қалады.

Алинура СЕМБИЕВА,
магистрант

Ғылыми жетекші: С.К.УДЕРБАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

ОҚУ МЕН ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАУ ЖОЛДАРЫ

Дәстүрлі педагогикада бағалау «білім деңгейін диагностикалау» үшін ғана қолданылды. Қазіргі білім беру жүйесінде құзыреттілікті қалыптастыру арқылы өздігінен білім алатын шығармашыл тұлға деңгейіне жеткізу басты мақсат болып отыр. Яғни, оқушылардың коммуникативтілігін, проблемадан шығу құзыретін дамыту көзделеді. Ол үшін мұғалім тарапынан берілетін білім сапасы оперативті, жүйелі әрі ғылыми дәлелді болу керек. Осы тұста бағалауды тек оқушыға қатысты құрал деп қарамау қажет, өзінің оқытуда қолданған әр алуан педагогикалық технологияның стратегияларын қаншалықты дәрежеде тиімді болғанын анықтауға тырысу қажет.

Оқу пәндерінде түйінді құзыреттерді бағалауда қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүйесі кең қолданылып келеді. Қалыптастырушы бағалау күнделікті жүретін оқу пәніндегі оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды орындау арқылы жүргізілсе, мұғалім тарапынан жүргізілетін қалыптастырушы бағалау «Бас бармақ», «Отшашу», «Смайлик», т. б. әдістер арқылы жүргізіледі. Ал оқушылардың оқу жетістіктеріне қол жеткізгендігін анықтайтын суммативті бағалауда мұғалімдер қауымы енжарлық танытып жүр. Бір тоқсанға бекітілген 2-3 тарауға арнап құрастырған сабағыңызда қамтылған, кездеген оқу мақсатыңыз жиынтық бағалау кезінде кездеспейді. Осы орайда «оқушының білік, дағдысын қалай бағалайсыз?» деген заңды сұрақ туады. Дау жоқ, қазірде оқушының ақпаратты білуі емес, жеке тұлғалық қасиеттерін, коммуникативтілігін, өз-өзін дамытып отыруы сияқты құзыреттілікті де бағалай отырып, шынайы өмірге даярлаймыз. Алайда өзіңіз әрекет етпеген, үйретпеген оқу мақсатына сай әзірленген жаттығуларды орындауды талап етпеу керек. Оқу мақсатына сәйкес құрылған оқу тапсырмаларының дескрипторы да бағалау жолы екенін ұмытпаңыз. Дескриптор-оқушыға тапсырманы тиімді орындаудың бағдаржолы. Сондықтан дескриптордағы алгоритмдер ауыспалы осы шақ формасында құрылуы керек. Мысалы, мәтінге атау бере алады т. с. с.

Оқыту дедуктивті сипатта жүретіндіктен, оны мұғалімге тікелей бақылау қиын. Сондықтан оқушы сабақта не айтты, не істей алды деген бағытта оқушыларды өз-өзін кейін бір-бірін бағалаттыруға жетектеу керек. Яғни жоспарлау, өзін-өзі рефлексиялау, ынтымақтаса еңбек етуге мүмкіндік туғызу қажет. Мысалы, «Екі жұлдың, бір тілек», «Сәндвич», «Ақылдың алты қалпағы», «Мен бұл топтың/жұптың тұлпарларының бапталуына разымын, себебі...» деген әдістер бойынша бір-бірін бағалаттыруға болады. Ал өзін-өзі бағалауда «Бағалау парақшалары», «Ноутбук», «Домбыра», «Асық» әдістерін пайдаланған тиімді.

Қорыта келе, қадірлі мұғалім «бағалау» терминінің (жақын отыру дегенді білдіреді) мәніне терең бойлап, бағалаудың негізгі сипаты бір адамның басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау екенін ұмытпаңыз. Сіз оқушыларды жалғыз бағалаушы емессіз, білім алушылардың ішкі уәжін қанағаттандыра отырып, сыни көзқарасын дамытуға жол ашатын шамшырақсыз.

Ернар ЖАҚЫПОВ,
ҚТӘ-11(3) студенті

МҰХИТТЫҢ ӘН МҰРАСЫ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық академиялық филармониясы өртістерінің қатысуымен М. Өтемісов атындағы БҚУ-да өткен «Мұхиттың ән мұрасы» атты лекция-концерт - қазақтың дәстүрлі өнеріне арналған тағылымы мол рухани кештердің бірі болды. Бұл ерекше шара Ақжайық өңірінің әншілік мектебін кеңінен насихаттап, ұлттық мұрамыздың тереңдігін танытуға бағытталды.

Кештің басты арқауы – қазақтың көрнекті әнші-композиторы Мұхит Мералыұлы шығармашылығы. Оның 185 жылдығына орай ұйымдастырылған бұл концерт тыңдарманды тек әсем ән әлеміне жетелеп қана қоймай, әр туындының тарихи, мазмұндық ерекшеліктеріне үңілуге мүмкіндік берді.

Жүргізу «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Сағадат Рахметжановтың жүрекжарды сөзімен басталған кеште қазақтың батыс ән мектебінің маңызы кеңінен айтылды. Ақжайық өңірі – дәстүрлі ән өнерінің алтын бесігі екені ерекше атап өтіліп, осы мектептен шыққан өндердің ұлттық мәдениеттегі орны айқындалды.

Сахна төрінде өнер көрсеткен белгілі дәстүрлі әншілер көрерменге Мұхиттың таңдаулы шығармаларын ұсынды. «Құрмет» орденінің иегері, ҚР «Мәдениет



саласының үздігі Қайрат Какимов «Үлкен айдай», «Алуаш» әндерін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ал Серік Абдрахманов «Жантелім» мен «Ақ иіс» әндерін шебер жеткізді. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Күләш Қуанышқалиева «Айнамақ» әнін орындап, Мұхит шығармашылығының нәзік лирикасын ашып көрсетті. Сонымен қатар, Ақмарал Кемелханова «Дүние-ау», осы аталмыш оқу орынның Дәстүрлі өнер мамандығының 4 курс студенті Сабина Ғабитова «Қолжетпес», ал Кенесары Булганбаев «Демалыс» әндерін орындап, кеш мазмұнын байыта түсті.

Бұл лекция-концерттің ерекшелігі – тек музыкалық кеш емес, әрбір әннің шығу тарихы мен мағынасы түсіндіріліп, көрермен дәстүрлі өнердің терең философиясын сезіне алды.

Қорыта айтқанда, «Мұхиттың ән мұрасы» атты рухани кеш – ұлттық өнерді дәріптеудің жарқын үлгісі. Мұндай тағылымды шаралар жас ұрпақтың мәдени мұраға деген қызығушылығын арттырып, дәстүрлі өн өнерінің мәңгілік құндылық екенін тағы бір дәлелдей түсті.

Айжан МУХАМБЕТЖАНОВА,
Орындаушылық өнер мамандарын даярлау
БББ оқытушысы, магистр

■ Құндылық

Білім мен еңбек - бәрін де жеңбек

(Жүсіп Баласағұн жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтары туралы)

Құндылық - адам өмірінің рухани мәні мен маңызы саналатын стандарттар, белгілі бір зат не құбылыстың қалаулы нәрселері туралы түсініктер мен сенімдер, қағидалар мен нормалар, қоғам тарапынан қабылданған жалпыға ортақ бағалы құнды әрекет-әдеттер. **Құндылық** - белгілі бір жоғары сападағы нысанның адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті делінген танымдық құбылыстары. Демек, **құндылықтар** - адамзаттың рухани негіздері мен дүниетанымын анықтайтын мәдениеттің, тәрбиенің және білімнің даму өзегі. Бұл ретте жалпыадамзаттық құндылықтар сапында **Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсінушілік, мейірбандық концептілерін айтсақ, ал Ұлттық құндылықтар сапында ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәубешілдік, ризашылық, Отанның тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рақымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті ата, шежіре концептілері аталады...**

Білім - адамның ақыл-ойының, танымының және рухани дамуының негізі. *“Білім инемен құдық қазғандай”* деген халық даналығы білімге құрметті аңғартады. Білім арқылы адам өз мүмкіндігін жүзеге асырып, қоғамның өркендеуіне үлес қосады. Ұлттық құндылық ретіндегі **білім** - елдің интеллектуалдық және мәдени қуатының көрсеткіші. Еліміздің білім беру саласы озық прогреске, адами капиталды дамытуға, білім, ғылым және инновациялық жетістіктерге жету үшін оқу мен ғылымға басымдық береді. Адамзат құндылықтарының дамуы мен сақталуының, олардың өрісінің кеңеюінің барлығы - білім мен ғылымның нәтижесі. Демек, қоғамның алға шығуы үшін әрқашан **құнды білім** қажет. **Құнды білім** - халқымызға пайдалы, прогреске жетелейтін және қауіпсіз білім. **Құнды білім** - адам мен қоғамның дамуына қызмет ететін, өмірлік маңызы бар ақпарат. Олай болса, **зияткерлік шығармашылық** - білімді жаңа идеяға, қолданбалы құндылыққа айналдыратын қабілет...

Қазақ халқы ежелден еңбекті қастерлеген. *“Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей”, “Бейнет түбі - зейнет”* сияқты мақалдары халықтың еңбекке құрметін білдіреді. **Еңбек** - тек табыс табу ғана емес, адамның өз бойындағы асыл қасиеттерді дамытатын рухани мектеп. **Еңбек тәрбиесі** ұқыптылыққа, төзімділікке, жауапкершілікке баулиды. **Еңбекқор адам** - қоғамның тірегі, ұлттың байлығы. Ұлттық Құрылтай сәтінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: *«Еңбекқорлық біздің негізгі құндылығымыз болуы қажет. Табанды еңбек - еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын басты формуланың бірі және бірегейі»* деген-ді. Демек, **еңбек құндылығы** - тек материалдық байлық көзі ғана емес, адамның рухани кемелдену жолы, өмірдің мәні мен мазмұны. Ол адамды шындайды, жауапкершілікке, табандылыққа, төзімділікке үйретеді...

Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн (XI ғасыр) – түркі халықтары тарихындағы қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті ақыны, есімі күллі Шығыс елдеріне мәшһүр болған данышпан ойшылы, атақты ғалымы, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. Жүсіп Баласағұн есімін әлемге танытып, әдебиет тарихына мәңгілік өшпестей жазып қалдырған бірден-бір әдеби туындысы – **«Құтадғу біліг» («Құтты білік») дастаны**. **“Құтты білік” дастанының** басты идеясы төрт қағидаға негізделіп жазылған. Біріншісі - мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде **Күнтуды патшаны** көрсетеді. **Екіншісі** - бақ-дәулет, яғни, елге құт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. **Үшіншісі** - ақыл парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық рөлі **уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде** жырланды. Төртіншісі - қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда **уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі** арқылы әңгімеленеді. Ғұлама Жүсіп Баласағұн өмірдегі барлық нәрседен білімді жоғары қояды, адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді білім-іліммен тығыз байланыста қарайды. Қоғамда орын алған теріс құбылыстардың өзін адамдардың білімсіздігінен, نادандығынан деп біледі. Ақынның білімді қаншалықты жоғары бағалайтынын дастаның атынан-ақ аңғару қиын емес. Жүсіп Баласағұн өз шығармасының атын **“Құтты білік”** деп тегін қоймаса керек-ті. Дастанда оқу-білім, ғылым мәселелеріне арналған арнайы бөлімдер бар. Ойшыл мемлекет, қоғам, ел басқарған әкімдер, мораль,



этика және тағы басқа мәселелерге арналған бөлімдерде де білімнің күш-құдіретін ардақтап, ғалымдарды көкке көтере мадақтай білген.

“Құтты білік” дастаны көтерген ең басты мәселе - **тәлім-тәрбие ісі**. Адам бойындағы жақсы мінез-құлық, әдептілік, кішіпейілділік, ең алдымен, адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты екенін баса айтады. Сол себепті жас нәресте өмірге келісімен-ақ оны дұрыс тәрбиелей бастау ата-ананың қасиетті борышы екеніне салмақ салады. Нәтижеде ойшыл **“Құтты білік” дастанында** адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, естіп, көріп барып қана ақыл-парасаты артатынын оқырманға зор шеберлікпен айқын жеткізеді. Мәселен, дастандағы ойлы түйіндердің бірқатары төмендегіше өріледі: **“Көз жіті, құлақ сақ, көңіл кең болуы керек”, “Уайым жоқ - сөзің тегін кетпесе, өкініш жоқ - күнің босқа өтпесе”, “Ұлың менен қызың - жарқыраған екі көзің”, “Қатты тәртіп көрсе бала бүгінде, Өнерімен қуантады түбінде”, “Кейін өзің қалмау үшін табаға, Жөнге салып, ие болғын балаға”, “Өнер - білім берем десең басынан, бер оқуға балаларды жасынан”, “Ел билеу үшін, ақыл, жүрек, ой керек”, “Тіл - елшінің қылышы”, “Сөз - ойдың суреті”, “Алтын - күміс жиған адам емес, сөз жиған адам бай”, “Сөздің де уы бар”, “Ақылды аз сөйлер”, “Тіл мен сөз - көңілдің айнасы”, “Ақыл мен білімнің тілмәші - тіл”, “Тіл - арыстан күзететін босаға”, “Әдемі сөйлеген кісінің ісі де әйбат”, “Тура жолға ғалым бастар”, т.б.**

Қысқасы, ғұлама Жүсіп Баласағұнның ерекше қарастырған құндылығы - **ақыл мен білім**. Адам үшін құт пен бақыттың кепілі - ақыл мен білім тұрғысында тұжырым жасай отырып, ақыл мен білім жеке адамға және жалпы қоғамға пайда әкелуі тиіс екендігін баса айтады. Ойшыл ақын **“Құтты білік” дастанында** айтылатын ақыл-парасат, оқу-білім, бала тәрбиесі, адамдардың өзара қарым-қатынасындағы ізеттілік, тілге сақ болу керектігі, қарттарға құрмет, ел басқаратын әкімдерге қажетті ізге қасиеттер және тағы басқалар жайындағы моральдық, этикалық, дидактикалық, философиялық пікір-тұжырымдар қазақ ақын-жыраулары поэзиясында өзінің көркемдік жалғасын тапқаны қуантады.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жанайна СЕЙІТЖАНОВА, Аружан КӨШКІМБАЕВА,
Қоғамдық даму департаментінің әдіскерлері

Физика-математика факультетінің студенттері қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» республикалық жобасы аясында «Таза жағалау» атты экологиялық акция ұйымдастырды.

«Таза жағалау» акциясы: экологиялық мәдениеттің нақты көрінісі



Аталған шараның негізгі мақсаты - студент жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, табиғатқа деген жауапкершілік сезімін нығайту және қоғамда экологиялық сананы қалыптастыру. Акцияға қатысушылар жағалау аумағын қоқыстан тазалап қана қоймай, табиғатты қорғау ісіне өз үлестерін қосты.

Іс-шара барысында тазалық жұмыстары кең көлемде жүргізіліп, қоршаған ортаны ластамау мәдениеті туралы маңызды әңгімелер өрбіді. Студенттер экологиялық мәселелер төңірегінде пікір алмасып, табиғатты сақтау - әр азаматтың міндеті екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар олар алдағы уақытта мұндай игі бастамаларды тұрақты түрде ұйымдастыру қажеттігін жеткізді.

«Таза жағалау» акциясы жастардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып қана қоймай, қоғамдағы экологиялық мәселелерге бейжай қарамауға үндеді. Бұл бастама студенттердің тек білім алумен шектелмей, ел болашағына бейжай қарамайтын, жауапкершілігі жоғары, саналы азамат ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетті.

Осындай маңызды шаралар экологиялық мәдениетті нығайтып, қоғамда тазалық пен жауапкершілік қағидаттарының орнығуына ықпал ететіні сөзсіз.

Гүлрайхан МАҚСОТ,
Физика-математика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

Жүрекке жылу сыйлаған күн

Тарих, экономика және құқық факультеті мен JasDatu жастар орталығы бірлесіп, аналар үйіне арнайы барып, қайырымдылық іс-шарасын ұйымдастырды. Бұл сапардың басты мақсаты - қоғамдағы ерекше қолдауды қажет ететін жандарға мейірім мен жылулық сыйлау, олардың көңіл-күйіне серпіліс беру болды. Студент жастар аналар үйіндегі әрбір жанмен тілдесіп, олардың жағдайына бейжай қарамайтынын білдірді. Шара барысында шағын сыйлықтар табысталып, жылы сөздер айтылып, шынайы қамқорлық көрсетілді.



Осындай кездесулер тек көмек алушылар үшін ғана емес, оны ұйымдастырушылар үшін де үлкен рухани мәнге ие. Қайырымдылық жасау арқылы жастар адамгершілік құндылықтардың маңызын тереңірек түсініп, жанашырлық пен жауапкершіліктің мәнін сезінеді. Іс-шара барысында қатысушылар кішкентай ғана ілтипаттың өзі үлкен қуаныш сыйлай алатынына тағы бір мәрте көз жеткізді. Әрбір айтылған жылы сөз, әрбір жасалған игі іс – жүрекке жылу ұялатып, өмірге деген сенімді арттыра түсті. Мұндай бастамалар қоғамдағы өзара қолдау мен бірлікті нығайтып қана қоймай, жастарды қайырымдылық пен ізгілікке баулиды. Жақсылық жасау – тек өзгеге көмек емес, ол адамның өз жан дүниесін байытатын, рухани күш беретін маңызды құндылық. Осындай игі істер жалғасын тауып, мейірім мен жанашырлық қоғамның басты ұстанымдарының біріне айнала бермек.

Гүлбарам ЖАЛЕКЕНОВА,
Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

ЧИСТОТА НАЧИНАЕТСЯ С НАС!

В рамках республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» в городе Уральск состоялось масштабное мероприятие «Тазала, мын бала», организованное Информационно-аналитическим и ресурсным центром по работе с молодёжью. В экологической инициативе активное участие приняли и студенты Махамбет университета.

В ходе акции молодёжь внесла свой вклад в благоустройство города, приняв участие в уборке территорий и тем самым продемонстрировав ответственное отношение к окружающей среде. Забота о природе — это вклад в наше общее будущее. Чистота города зависит от каждого из нас. Чистый город — чистые мысли и светлое будущее!



ЗКУ присоединился к масштабному общегородскому субботнику

В городе Уральск официально стартовал санитарно-экологический месячник, в рамках которого был организован широкомасштабный общегородской субботник. Мероприятия по уборке проходили одновременно в нескольких районах города и в пригородных посёлках. Улицы, скверы, общественные пространства и парки были очищены от мусора, а также высажены новые цветы и зелёные насаждения.

В субботнике активно участвовали студенты и сотрудники Университета Махамбета. Кроме того, к акции присоединились сотрудники государственных учреждений, депутаты маслихата, молодёжные организации, представители бизнеса и жители города, каждый из которых внёс частичку заботы о чистоте и уюте родного города. Это совместное мероприятие не только сделало город чище и красивее, но и укрепило чувство единства, ответственность и заботу о нашем общем доме. Давайте вместе сохранять город чистым, зелёным и комфортным для жизни!



Филология факультетінде жоғары оқу орнының академиялық ұтқырлық пен пәнаралық білім беруді дамытуға бағытталған маңызды бастамаларының бірі - Minor қосымша білім беру бағдарламасы аясында үздік студенттер салтанатты түрде марапатталды.

Филология факультетінде Minor бағдарламасы бойынша үздіктер марапатталды

Салтанатты жиында факультет деканы сөз сөйлеп, Minor бағдарламасының қазіргі білім беру кеңістігіндегі маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, бұл бағдарлама студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына, жаңа бағыттарды игеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар негізгі мамандықпен қатар қосымша білім алушылардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды фактор екені атап өтілді. Марапаттау рәсімі барысында Minor бағдарламасы бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізген, оқу үдерісінде белсенділік танытып, академиялық жетістіктерімен ерекшеленген студенттерге арнайы сертификаттар табысталды. Аталған бағдарлама аясында филология факультетінің 40 студенті «Ақпараттық-библиографиялық сауаттылық», «Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері», «SMM-маманы», «Флорист-декоратор», «Әлеуметтік-психологиялық қызметті жобалау», «Мемлекеттік және жергілікті басқару негіздері» және өзге де қосымша курстарды меңгеріп шықты.



Облыстық олимпиада – білімді жастардың бәсекесі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұйымдастыруымен 9–11 сынып оқушылары арасында «Қазақ тілі мен әдебиеті және «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша облыстық олимпиада өтті. Білім додасының негізгі мақсаты – мектеп түлектеріне кәсіби бағдар беру, олардың болашақ мамандықты саналы таңдауына ықпал ету және университеттің білім беру бағдарламаларын таныстыру болды. Салтанатты ашылу рәсімінде факультет деканы Ақбулатов А.А. пен деканның орынбасары А.Ф. Нәби қатысушыларды құттықтап, оқу орнының мүмкіндіктері мен білім беру бағыттары туралы жан-жақты мәлімет берді.



Олимпиадаға облыс мектептерінен келген дарынды оқушылар белсенді қатысты. Атап айтқанда, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша 45 оқушы, ал «Орыс тілі мен әдебиеті» пәні бойынша 44 оқушы өз білімдерін сынға салды. Қатысушылар теориялық және шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы тілдік білімдері мен әдеби талдау қабілеттерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен, жоғары дайындық деңгейі мен зияткерлік қабілетімен

ерекшеленген қатысушылар дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталып, университет атынан естелік сыйлықтарға ие болды. Аталған білім сайысы оқушылардың тіл мен әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға зор ықпал етті. Сонымен қатар, мұндай іс-шаралар дарынды жастарды қолдап, олардың болашақта сапалы білім алуына бағыт-бағдар беретін маңызды алаң болып табылады.

Бірлік пен дәстүр үндестігі: танымдық іс-шараның тағылымы

Интерактивті фестиваль аясында ИЯ(ІР)-13 тобының ұйымдастыруымен «Бір шаңырақ, бір отбасы, бір дәстүр» атты танымдық іс-шара жоғары деңгейде өтті. Мазмұнды іс-шара жастар арасында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, отбасы институтының маңызын айқындауға және мәдени мұраға деген құрметті арттыруға бағытталды.

Іс-шара викториналық форматта ұйымдастырылып, қатысушылар отбасы тәрбиесі, салт-дәстүрлер, ұлттық мәдениет тақырыптары бойынша өз білімдерін сынға салды. Қатысушылар қойылған сұрақтарға жауап беріп қана қоймай, өзара пікір алмасып, тақырып аясында терең ой бөлісуге мүмкіндік алды. Бұл формат жастардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың

ой-өрісін кеңейтуге ықпал етті.

Мұндай тәрбиелік мәні зор бастамалар жастар арасында бірлік пен өзара сыйластықты нығайтып, ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттыра түседі. Сонымен қатар олар қоғамда рухани сабақтастықтың сақталуына және ұлттық болмыстың дамуына өз үлесін қосады.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары

ҚУАНЫШТЫ ЖАҢАЛЫҚ!

2026 жылғы «Студенттік спорт лигасының» Батыс дивизионында М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың волейбол қыздар құрама командасы I орын иеленді! Команда жоғары шеберлік, мықты дайындық және нағыз командалық рухтың арқасында жеңіске жетіп, Республикалық Студенттік спорт лигасына жолдама алды! Волейболшы қыздарымызды және жаттықтырушыларды шын жүректен құттықтаймыз! Алдағы республикалық кезеңде де тек жеңіс тілейміз!



СПОРТТЫҚ ЛИГАНЫҢ АЙМАҚТЫҚ КЕЗЕҢІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде республикалық студенттік спорт лигасының Батыс аймақтық кезеңі аясында тоғызқұмалақ, үстел теннисі және шахматтан турнирлер жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аталған жарыстар өңірдің жетекші жоғары оқу орындарының студенттерін бір алаңға тоғыстырып, спорт пен зияткерлік бәсекенің үйлесімді көрінісіне айналды.

Шараның басты мақсаты – студент жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық және зияткерлік спорт түрлерін дамыту, сондай-ақ олардың логикалық ойлау, шапшаңдық және стратегиялық қабілеттерін арттыру болды. Бұл бағытта ұйымдастырылған жарыстар қатысушылардың жан-жақты дайындық деңгейін көрсетіп қана қоймай, өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік берді.

Тоғызқұмалақ турнирі ұлттық ойынның терең мазмұны мен күрделі логикасын айқын көрсетті. Қатысушылар әрбір жүрісті мұқият саралап, қарсыласының тактикасын алдын ала болжау арқылы жоғары деңгейдегі зияткерлік шеберліктерін танытты. Нәтижесінде, жігіттер арасында Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің командасы I орынды иеленсе, II орынды М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, III орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті еншіледі. Қыздар арасында да Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті жеңімпаз атанып, II орын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне, III орын М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне бұйырды.

Үстел теннисінен өткен турнир жоғары қарқындылығымен және тартысты ойындарымен ерекшеленді. Әрбір кездесу барысында спортшылардың жылдам реакциясы, дәлдігі мен техникалық дайындығы айқын байқалды. Нәтижесінде, I орынды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті иеленсе, II орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, III орынды Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті жеңіп алды.

Шахмат турнирі де зияткерлік тартыстың жоғары деңгейде өткенін көрсетті. Қатысушылар бірнеше қадам алға ойлап, әр партияда сабырлық пен дәл есепке негізделген ойын өрнегін көрсетті. Қорытындысында, I орынды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті иеленсе, II орын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне, III орын М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетіне бұйырды.

Жалпы алғанда, аталған жарыстар тек спорттық бәсеке ғана емес, студенттер арасындағы достықты нығайтқан, өзара құрмет пен ынтымақтастықты арттырған маңызды алаңға айналды. Сонымен қатар бұл дода жастардың ұлттық және зияткерлік спорт түрлеріне деген қызығушылығының жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер алдағы кезеңдерде де өңір намысын абыроймен қорғайтынына сенім мол.

М.Өтемісов атындағы БҚУ
баспасөз қызметі

«Дәрігермен ашық сұқбат»



Филология факультетінің ҚТӨ (IP)-17 тобының ұйымдастыруымен «Дәрігермен ашық сұқбат» тақырыбында кураторлық сағат өтті. Кеш қонағы - «Облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығы» МКК педагогі Галимғалиева Бахытгул Бурамбайқызы. Іс-шараның басты мақсаты - жастарға АИТВ инфекциясы туралы ақпарат беру, аурудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау.

Алдымен келген маман ғылыми нақты зерттеулерге және статистикаға негізделген толық ақпарат беріп, дәріс оқыды. Дәрістен соң студенттер маманға өздерін қызықтырған түрлі сауалдар қойып, жауап алды. Келген қонақ пен студенттер арасында ашық пікір алмасу болып, өзекті мәселелер талқыланды, қатысушылар пайдалы мәліметтер алып, өз ойларымен де бөлісті. Сұқбат арасында тақырыпқа сай викториналық ойын ұйымдастырылып, берілген сұрақтарға дұрыс жауап берген қатысушыларға шағын сыйлықтар ұсынылды. Өн-күй орындалып, кеш қызықты өтті. Топ кураторы мен студенттер келген қонаққа мазмұнды ақпарат бергені үшін алғыс айтып, мұндай танымдық бағыттағы іс-шаралар кең көлемде, жиірек өткізіліп тұрса деген ұсыныс айтты.

Н.А. КАБОШЕВА,
«Тіл мен әдебиет мұғалімдерін дайындау»
БББ аға оқытушысы

В университете Махамбета состоялась интеллектуальная игра «Современные технологии и вопросы этики и нравственности», объединившая студентов, стремящихся к осмыслению актуальных вызовов цифровой эпохи. Мероприятие стало значимой площадкой для обсуждения роли технологий в жизни современного общества и их влияния на морально-нравственные ориентиры. Участники продемонстрировали высокий уровень эрудиции, развитое критическое мышление и умение аргументированно отстаивать свою позицию. Игра прошла в три этапа, каждый из которых был направлен на раскрытие различных аспектов интеллектуальной и дискуссионной подготовки студентов.

Первый этап - «Быстрый ответ» - представлял собой блиц-тур, в рамках которого проверялись знания, скорость мышления и реакция участников. Второй этап - «Согласен или не согласен?» - стал дискуссионной площадкой, где команды выражали свои взгляды на актуальные вопросы и обосновывали собственные позиции. Завершающий этап - «Последнее слово» - позволил участникам представить глубокие рассуждения и авторское видение поднятых тем. В центре обсуждения оказались ключевые вопросы современности: роль искусственного интеллекта, обеспечение цифровой безопасности, границы этики в интернет-пространстве, а также влияние технологий на систему ценностей человека.

Проведённая интеллектуальная игра стала не только проверкой знаний, но и важным шагом к формированию

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ИГРА: ТЕХНОЛОГИИ, ЭТИКА И ЧЕЛОВЕЧНОСТЬ



осознанного отношения молодежи к морально-этическим аспектам стремительно развивающегося технологического мира. Главная идея мероприятия - напоминание о

необходимости сохранять человечность, стремиться к самопознанию и личностному развитию в условиях глобальных цифровых изменений.

«Педагогическая практика студентов: первый шаг в профессию»

Многие студенты признаются: первый выход к доске в качестве учителя вызывает больше трепета, чем самый сложный экзамен. Одно дело - отвечать профессору в аудитории, и совсем другое - удерживать внимание тридцати пятиклассников, у которых в карманах смартфоны, а в головах - перемены.

«На первой неделе практики я поняла, что план урока - это лишь 50% успеха. Остальные 50% - это умение импровизировать и слышать детей», - делится впечатлениями студентка 3 курса филологического факультета Анель Ибрагим.

Современная школа сильно изменилась. Сегодня практикант - это не просто «заменяющий» учитель, а полноценный участник образовательного процесса. Студенты активно внедряют цифровые технологии: создают интерактивные квизы, используют нейросети для генерации иллюстраций к урокам и организуют виртуальные экскурсии.

Огромную роль в становлении молодого учителя играют школьные наставники. Опытные педагоги отмечают, что студенты приносят в школу «свежую кровь» и новый взгляд на привычные вещи.

Для многих практика становится подтверждением правильности выбранного пути. По статистике, около 60% студентов принимают решение вернуться в школу уже в качестве постоянных сотрудников.

Педагогическая практика - это не просто строчка в учебном плане. Это первый шаг в профессию, которая требует не только знаний, но и огромного сердца. И если

Для сотен студентов-старшекурсников весна - это не только ожидание диплома, но и время самого серьезного испытания за весь период обучения. Педагогическая практика в школе становится тем самым «моментом истины», когда теоретические знания из конспектов должны превратиться в реальные навыки управления классом.



после звонка с последнего урока ученики подходят, чтобы задать вопрос или просто улыбнуться - значит, первый экзамен на звание Учителя сдан успешно.

Аягуль УТЕШОВА,
студентка филологического факультета
группа РЯЛШ-32

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издаётся с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
Ахмет Байтұрсынұлы

ЖУРНАЛИСТ

№4 (90), сәуір 2026 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы



■ Өзекті мәселе

Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан. Бұл әлемдік жаңа дәуір мен көз ілестірмес даму үрдісіндегі заман ағымына шұғыл әрі уақытылы ілесу қажеттілігін айқындаса керек-ті. Мемлекет басшысы: «Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық. Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Өйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым», - дей келе, Қазақстанның үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керектігі тұрғысында нақты тапсырма бергені мәлім.

Ал жасанды интеллект дегеніміз не? Оның қоғамға және адамға пайдасы мен зияны қандай? Оны қалай пайдаланамыз? Жалпы жасанды интеллект - бүгінгі күні ырғақты қалыпта уақытынан бұрын төрімізден орын алған жаһандық жаңалық. Бүгінде «жасанды интеллект» күнделікті қолданыста жүрген үйреншікті сөзге айналууда. Ал шын мәнінде бұл сөз ғана ма? Бұның тұтастай бір дәуірдің алып мұзжарғыш кемесі екендігіне мән беретін уақыт жеткен сыңайлы. Осылайша сол кемеге кешікпей мініп, келешекке дамушы елдермен бірге аттануымыз керек.

Жазба сипаттамаларына жүгінсек, **жасанды интеллект** (ЖИ, ағылш. artificial intelligence, AI) – интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясы туралы ғылым. «Жасанды интеллект» терминін алғаш рет 1956 жылы Дартмут университеті конференциясының преамбуласында Джон Маккарти қолданған. Маккартиге қоса «жасанды интеллектіні» зерттеушілер нақты проблеманы шешу үшін адамдарда байқалмайтын интеллектіні зерттеуге болатынын айтады. Ғалым өз тұжырымын түсіндіру барысында: «Әзірше біз бүтіндей қандай есептеуіш процедураларды интеллектуалды деп айта алатынымызды білмейміз. Сол себепті «интеллект» сөзін әлемде мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістердің есептеуіш бөлігі тұрғысында ғана түсініп жүрміз» деген-ді. Сондай-ақ интеллект тек қана биологиялық феномен деген де көзқарастар бар. Шындығында, жасанды интеллект Джон Маккартиге дейін де қолданылған. Тек оған дәл осы атау берілмеген.

Жасанды интеллект – бұл адамзат өмірін түбегейлі өзгертуге қабілетті технологиялық құрал, оның дамуы әлемдік бәсекеде стратегиялық маңызға ие. Жасанды интеллект бүгін ғана пайда болып, өмірімізге енді енген алгоритм емес. Ол туралы алғашқы зерттеулер 1950 жылдары жүргізіліп, 1956 жылы осы термин қолданысқа енгізілген. Алайда дәл қазіргі уақытта оның мүмкіндіктері мен ауқымының артқаны сонша, әрбір салаға дендеп еніп, өміріміздің ажырамас бөлігіне айналууда. Жасанды интеллект (ЖИ) - жиналған ақпаратты қолдана отырып, кез келген тапсырманы орындай алатын алгоритмдік жүйе. Ол адамның қолынан келе бермейтін тапсырмаларды оңай әрі тез орындай алады. Нейро желі құдды бір адамның миы іспетті. Оған тапсырманы қалай орындау керектігін үйретсе болғаны. Ал ЖИ қалай жұмыс істейді? Мәселен, 1960 жылдары жасанды интеллектінің қызметіне Америка Құрама Штатының Қорғаныс министрлігі қызығушылық танытқан. Олар сол кезде компьютерлерді адамның ойлау жүйесіне еліктейтін етіп шығара бастаған. Ал 1975 жылы жапон ғалымы Кунихико Фукусима алғашқы нейро желіні жасап шығарғаны белгілі. Деректердің көлемі ұлғайған сайын алгоритмнің де мүмкіндіктері арта түскен. Ал жуырда ғана Open AI компаниясы әлемнің назарын аударған ChatGPT-ді жасап шығарғаны мәлім. ChatGPT - әзірге әлемдегі ең мықты алгоритм. Өйткені ол 175 миллиардтан астам параметрді қамти алады. Алайда бір кемдігі ол ақпараттарды бейресми дереккөздерінен

Жасанды интеллект: тиімділігі мен қауіпі



де жинайтындықтан, оның берген жауаптары әрқашан сенімді бола бермеуі мүмкін. Мәселен, адамның дамуына қажетті біржылдық ой-пікірді жасақтау үшін жасанды интеллектке 1-2 сағат жеткілікті. Apple қолданбасындағы жасанды көмекші Siri адамның сөйлеген сөзін түсініп, берген тапсырманы орындай алады және күнделікті жинақталған деректер бойынша қорытынды жасап отырады. Жалпы жасанды интеллектінің қауқарын күнделікті өмірімізде орын алып жатқан алгоритмдерден де байқауға болады. Мысалы, чат-боттарға назар аударалық. Ол тұтынушылардың сұрауын тезірек талдауға және тиісті жауап беруге қолданылады. Ақпараттарды жинақтау жүйелері деректер жиынтығынан ақпаратты еркін түрде алу, жоспарлау мүмкіндігін ұсынады. Ал ұсыныс жүйелері қолданушылардың бұрын қараған ақпараттарына ұқсас дүниелерді автоматты түрде шығарып отырады. Иә, адамдардың «әлеуметтік желіден ойлағанымыз немесе іздегеніміз бәрі алдымынан шығады» дегенін естіген шығарсыздар немесе өзіңіз де дәл сондай жағдайға тап болуыңыз мүмкін. Мұның барлығы - осы жүйенің жұмысы.

Бұл ретте не маңызды? Жасанды интеллектінің негізі – дерек. Ол шексіз ақпаратты қабылдап, сараптап, қорытынды шығара алады. Ал адам миы бір уақытта көп ақпаратпен жұмыс істей алмайды. Жасанды интеллект адам өмірін едәуір жеңілдетеді. Ол деректерді жинау арқылы талдау жасап, қызметтерді автоматтандырады. Сондай-ақ көлемді жұмыстарды қиналмай атқара береді. Әрине, оның жұмысын жүйелеуге адамдардың күші әлі де қажет. Ал бұл ретте адамдар жұмыссыз қала ма? Кейбір зерттеушілер алдағы жылдары жасанды интеллект 300 миллион жұмыс орнын бір өзі қамти алатындығына болжам жасаса, кейбірі нейро желі бәрібір адамды алмастыра алмайтындығы турасындағы пікірді алға тартады. Бұл жөнінде екіжақты көзқарас болғанымен, зерттеушілер жасанды зерденің басшыға айналып кетуінен қауіптенеді. Сондықтан оның мүмкіндігін адамға тәуелді құрал деңгейінен асырмаудың дұрыстығын баса

айтады. Кейінгі кездерде көп компания адамның орнына жасанды интеллектіні пайдалануға тырысатын болған. Өйткені оған ақша төлеудің қажеті жоқ. Жасанды интеллект қазірдің өзінде көптеген салада тиімді көмекші бола алады. Ғалымдардың айтуынша, ол ең төменгі қызметтерді атқаратын көмекші деңгейінде қалуы керек.

Біз нені ескеруіміз керек?! Адам робот іспетті жұмыс істесе, ол жұмысты, әлбетте, робот алып қояды. Мұғалімдерді, жүргізушілерді, кассирді, саясаткерлерді автоматтандырсақ не болмақ? Кейбіреулер осыны ұсынып отыр. Біз адамдарды дәстүрлі жүйеге қайтаруымыз керек деп есептейміз. Жасанды зердені манипуляцияға айналдыруға болмайды. Шамамен бес жылдан кейін логикалық компьютерлер есептеу, операциялар жасау бойынша бірінші орында болады делік. Бірақ адам осы пирамиданың ең жоғарғы тұғырында тұруы тиіс.

Адамзатқа төнген қауіп бар ма? Кез келген салада жетістікке жетуге жасанды интеллектінің әлеуеті зор болғанымен, адамзатқа үлкен қатер төндіруі мүмкін. Бүгінде ғылыми технология өте тез дамуда. Оның қауіп

туралы Илон Маск Дубайда өткен Әлемдік саммитінде: «Мұның жағымды да, жағымсыз да тұстары бар. Оны пайдаланудың тиімді тұсы өте көп десек те, ол ядролық бомбалар сияқты үлкен қауіп төндіруі мүмкін екенін естен шығармау қажет. Сондықтан бізге бұл саланы әлі де жан-жақты зерттеу маңыздырақ» деген-ді.

Қазір нейрожелі арқылы шығарма немесе эссе жазуға әбден болады. Мұндай боттар білім алушылардың арасында кең таралған. Оның жазып бергенін адамның жазғанынан айыру да қиын. Өйткені ол 70 пайыз жүйелі жазады. Тіпті кейбір боттар 97 пайызы антиплагиаттан өтетін мәтіндерді де дайындап бере алады. Ғалымдар мұндай алгоритм адам санасының дамуын тежейтінін айтып қауіптенуде. Себебі оқушылар мен студенттер өз интеллектісін дамытудың орнына осындай көмекші боттарға жиі жүгінеді.

Бұл орайда жасанды интеллектіге тәуелділік мәселесін ата-ана мұқият бақылауы тиіс деп есептейміз. Кейінгі кездері оның адамға тән эмоциялық интеллектіге ие бола алатынын айтылуда. Зерттеушілер осы жағдайдан да қауіптенуде. Microsoft корпорациясының жасанды интеллектіге негізделген жаңа іздеу жүйесі адаммен сөйлесу барысында оған жасалған инъекциялық шабуылға адам іспетті реакция білдірген. Ғалымдар оның ядролық кодты ұрлауға, өлімге дейін апаратын вирусты ойлап табуға ұмытылыстар жасауы әбден мүмкін екендігін айтады. Қысқасы, «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік!» деген сөзді бүгінгі қоғамның басты қағидасы тұрғысында қабылдауға тиіспіз. Ұрпағымыз білімді, зияткер, бәсекеге қабілетті және саналы болғай!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Аружан КӨШКІМБАЕВА,
филология факультетінің I курс студенті
(«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, ҚТӘ (IP)-15-топ)

«Жұмыр қылыш»

командасының жетістігі мен шығармашылық белестері

2026 жылғы 30–31 наурыз күндері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бастамасымен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті базасында жоғары оқу орындарының «B092 – Тынығу» білім беру бағдарламалары арасында XVIII Республикалық студенттік пәндік олимпиада өтті. Ауқымды білім додасы Қазақстан халқына Жолдауды іске асыру аясында «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оларды түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» тақырыбына арналды.

Биылғы олимпиаданың негізгі тақырыбы – «Мәдени-тынығу жұмысындағы жасанды интеллект: жаңа модельдер мен болашақ». Зияткерлік сайыстың басты мақсаты – студенттердің теориялық білімін тереңдетіп, кәсіби шеберлігін шыңдау, дарынды жастарды анықтау және олардың шығармашылық әлеуетін дамыту болды.

Олимпиада екі кезең бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезеңде қатысушылар өз жобаларын қорғап, тың идеялары мен заманауи шешімдерін ұсынды. Бұл кезеңде «Жұмыр қылыш» командасы мазмұнды жобасымен ерекшеленіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Екінші кезең – шығармашылық жұмыс барысында команда сахналық шеберлігі мен креативті көзқарасын айқын көрсетті.

Нәтижесінде, «Жұмыр қылыш» командасы республикалық деңгейдегі бәсекеде жүлделі II орынды иеленіп, жоғары дайындық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Сонымен қатар команда «Үздік актерлік шеберлік» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Ал Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Гүлмира Оразалы «Үздік әйел бейнесі» номинациясын иеленіп, жеке шеберлігімен көпшіліктің ықыласына бөленді.

Бұл жетістік – жүйелі дайындық пен табанды еңбектің нәтижесі. Команда мүшелері университет басшылығына, факультет деканына, білім беру бағдарламасының жетекшісіне және қолдау білдірген әріптестеріне алғыстарын жеткізді. Осындай байқаулар



студенттердің кәсіби көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, олардың шығармашылық ізденісіне тың серпін береді. «Жұмыр қылыш» командасының жеңісі – болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін

дәлелдейтін жарқын көрсеткіш.

Гүлжазира ЖҰМАҒАЛИЕВА,
команданың ғылыми жетекшісі,
Мәдени-тынығу жұмысы БББ аға оқытушысы,
магистр

ПРАВО БУДУЩЕГО: студенты ЗКУ представили Казахстан на международном Legathon-2026

3–4 апреля в Астана состоялся международный юридический конкурс MaxUp Legathon2026, собравший представителей 23 университетов из 13 стран. Масштабное интеллектуальное состязание стало площадкой для обсуждения актуальных правовых вызовов современности и будущего.

В числе участников - команда студентов Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова: Арманда Айбасова, Альбина Капашева, Камила Сарбасова и Илья Шамагин. Научное руководство осуществлял Казиев Тайман Исмагулович.

Конкурс прошёл на базе Maqsut Narikbayev University и был посвящён ключевой теме- «Право будущего». Участники сосредоточились на разработке правовых механизмов регулирования искусственного интеллекта и смежных технологических направлений, которые уже сегодня формируют новую цифровую реальность.

Программа Legathon-2026 включала два этапа. Первый этап- дебаты «Lex Fantastica», состоявшиеся в здании суда Международного финансового центра «Астана». В ходе обсуждений поднимались сложные и во многом новаторские вопросы: ответственность владельцев метавселенной и возможность её правового признания аналогом государства, регулирование виртуальных активов, защита прав собственности виртуальных сущностей, а также вопросы отвода ИИ-судьи и допустимость ограничения времени пребывания в виртуальной реальности.

Второй этап был направлен на практическую разработку правовой нормы, способной ответить на вызовы цифровой эпохи. Финалисты представили собственные концепции регулирования использования искусственного интеллекта, предложив инновационные подходы к обеспечению баланса между технологическим прогрессом и защитой прав человека.



Участие студентов в подобных международных конкурсах не только повышает уровень их профессиональной подготовки, но и способствует формированию нового поколения юристов, способных эффективно работать в условиях стремительно меняющегося цифрового мира.

Legathon-2026 стал важной платформой для обмена идеями, укрепления международного сотрудничества и продвижения правовых инициатив, ориентированных на будущее.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемисов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 98

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Аяру БЕЙБИТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Қоғаммен байланыс және имидждік саясат бөлімі

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99